

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Қауіпті!

- Бұл құрылғыны бекітілген қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- Бұл құрылғыны душтың, ваннаның, раковинаның, бассейннің және т.б. жанында пайдаланбаңыз.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы немесе рұқсаты бар техникалық қызмет орталығы ауыстыруы керек.



Маңызды!

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылау болмаған кезде аулақ ұстаңыз.
- 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін

орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және болуы мүмкін қауіп-қатер туралы ақпарат берілгенде ғана іске қосу/ажыратуы керек. 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны розеткаға қоспайды, реттемейді, тазаламайды немесе техникалық күтім көрсетпейді.

ЕСКЕРТУ — Осы өнімнің бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар және мүмкіндіктері шектелген адамдар бар жерде оларға өте мұқият назар аудару керек.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін, бұл құрылғыны таймер сияқты сыртқы таймермен іске қосу керек немесе қуат бергіш қосып-ажыратып тұратын желіге жалғанған болуы керек.



Күйіп қалу қаупі бар!

- **ЕСКЕРТУ:** Қызып кетудің алдын алу үшін ешбір жағдайда құрылғыларды пайдалану кезінде оның бетін бүркемеңіз, себебі бұл қауіпті қызып кетуге себеп болуы мүмкін.





Ескеріңіз:

- Құрылғыны әрқашан тік бағытында пайдаланыңыз.
- Ұзартқыш сымдарды пайдалану ұсынылмайды. Дегенмен, оларды пайдаланудан бас тарту мүмкін болмаса, ұзарту сымымен берілген нұсқауларды орындаңыз және ұзартқышта белгіленген қуат шегінен ешқашан асырмаңыз.
- Қыздырғышты мүліктен немесе басқа нәрселерден кемінде 50 см алшақ орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны еден ауданы 4 м² кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны сақтап қоймас бұрын, оның толық ажыратылғанына және розеткадан толығымен суырылғанына көз жеткізіңіз. Оны шаңды орталарға сақтамаңыз.
- Құрылғының үстіне ешнәрсе қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны жуылған киімдерді кептіру үшін пайдаланбаңыз. Ауа кіру тесігі мен шығу торларын жаппаңыз (қызып кету қаупі болады).
- Бұл құрылғыны қабырғаларға, жиһазға, перделерге және т.б. жақын жерде пайдаланбаңыз.

Қауіпсіздік функциялары

- **Қауіпсіздік құрылғысы:** бұл құрылғы шамадан тыс қызған жағдайда (мысалы, ауа кіру тесігі мен шығу торларының бітелуінен, мотор жай айналғанда немесе мүлдем айналмай қалғанда) оны ажырататын қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған. Ондай жағдайдан кейін құрылғыны қалыпты күйге келтіру үшін, ашаны қуат розеткасынан бірнеше минутқа суырып қойыңыз, шамадан тыс қызу себебін жойыңыз да, розеткаға қайта жалғаңыз. Егер құрылғы жұмыс істемесе, De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
- **Құлау қауіпсіздігі құрылғысы:** құлау қауіпсіздігі құрылғысы құрылғы құлап кеткен жағдайда немесе қауіпсіздікті төмендетуге әкеп соқтыратын жолмен дұрыс орнатылмаған жағдайда құрылғыны ажыратып тастайды. Құрылғыны тік бағытқа қайта қойғанда, ол автоматты түрде іске қосылады.

КІРІСПЕ

Осы De'Longhi өнімін таңдағаныңызға рахмет. Осы нұсқауларды оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер төмендегі осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады. Осы ескертулерді ескермеу электр тогына түсуге, ауыр жарақатқа, күйіктерге, өртке немесе құрылғының жарақаттануына әкеп соқтырады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды ұсыныстар мен ақпаратты білдіреді.

СИПАТТАМА

(3-бет)

- A** Таймер
- B** Термостат
- C** Функция таңдағыш
- D** Индикатор шамы
- E** Педаль қосқыш (кейбір үлгілерде ғана)
- F** Бұралмалы негіз (кейбір үлгілерде ғана)

ПАЙДАЛАНУ

Электр желісіне қосу

- Розеткаға қосу алдында розетканың кернеуінің құрылғыда көрсетілген V (Вольт) мәніне сай екеніне және қуат сымының қажетті жүктеу шамасына сай екеніне көз жеткізіңіз.
- **ҚҰРЫЛҒЫ ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ 2004/108/CE СТАНДАРТЫНА САЙ.**

Орнату

Бұл құрылғыны портативті болуы немесе қабырғаға бекітілуі мүмкін (егер кронштейн берілсе). Моторлы негізі бар үлгілерді қабырғаға бекіту мүмкін емес. Қабырғаға орнату үшін мыналарды орындаңыз:

- Егер бұл құрылғы ваннасы немесе душы бар бөлмеде орнатылған болса, 1-суретте берілген «қауіпсіздік қашықтықтарын» ескеріңіз және оны әрқашан крандардан, раковиналардан, душтардан және басқаларынан аулақ орнатыңыз.
- 2-суретте көрсетілген ең төменгі өлшемдерді сақтай отырып, кронштейнді қабырғаға бекітіңіз.
- Құрылғыны кронштейннің жоғарғы ілгегіне іліп, ол кронштейннің төменгі тісіне ілінгенше жайлап бұраңыз (3-сурет).



Ескеріңіз: егер құрылғыны қабырғаға орнатпайтын болсаңыз, кронштейнді құрылғыға бекітпеңіз.

Жұмыс істеуі және пайдаланылуы

ФУНКЦИЯ ТАҢДАҒЫШЫ МЕН ТЕРМОСТАТЫ БАР ҮЛГІЛЕР

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, қақпақтың дұрыс жабылғанын тексеріңіз.

1. Құрылғыны розеткаға қосыңыз. Шам жанады.
Егер құрылғыңызда таймер болса, «24 сағаттық таймері бар үлгілер» бөлімін көріңіз. Дегенмен, құрылғыны бағдарламалаусыз пайдалану үшін, таймердің барлық тістерін сыртқа қарай жылжытыңыз.
2. Термостаттың деңгелегін бұраңыз.
3. **Жаз режимі (тек желдеткіш үшін):** функция таңдағышты **✖** бағытына бұраңыз.
4. **Төменгі қуатта жұмыс істеу:** функция таңдағышты **1** бағытына бұраңыз (екі желдеткіш жылдамдығы бар үлгілерде, желдеткіш ең төменгі жылдамдықпен жұмыс істейді).
5. **Орташа қуатта жұмыс істеу:** функция таңдағышты **2** бағытына бұраңыз (екі желдеткіш жылдамдығы бар үлгілерде, желдеткіш ең жоғарғы жылдамдықпен жұмыс істейді).

6. **Жоғарғы қуатта жұмыс істеуі:** функция таңдағышты **3** бағытына бұраңыз (желдеткіш ең жоғарғы жылдамдықпен жұмыс істейді).

7. **Өшіру:** функция таңдағышты «**0**» бағытына бұраңыз.



Ескеріңіз: Екі қуатты деңгейі бар үлгілерде, 2-бағыт ең жоғарғы қуатқа сай болады.

Термостатты орнату

Термостатты ең жоғарғы деңгейге бағыттаңыз. Бөлме температурасы қажетті деңгейге жеткен кезде, термостат тетігін сағат тілі бағытына қарсы «сырт» еткен дыбыс шыққанша және желдеткіш өшкенше бұраңыз.

Одан кейін термостат бөлме температурасын автоматты түрде таңдалған деңгейде күйде сақтайды.

Қатудың алдын алу режимі

Функция таңдағыш 3-бағытта және термостат **✖** бағытында болғанда, құрылғы бөлме температурасын шамамен 5°C деңгейінде ұстап тұрады және төменгі қуат деңгейін тұтыну арқылы қатудың алдын алады.

Термостаты бар үлгілерде ғана

Құрылғыны іске қосу үшін, термостатты реттейтін дөңгелекті барған жеріне шейін барынша бұраңыз. Құрылғыны толығымен өшіру үшін, бұл тетікті ең төменгі бағытқа бұрап, құрылғыны розеткадан суырыңыз.

24 САҒАТТЫҚ ТАЙМЕР ҮЛГІЛЕРІ

Термостат деңгелегін және функция таңдағышты қажетті бағытқа орнатқан соң, қыздыруды бағдарламалау үшін, былай жалғастырыңыз:

- таймер дискісін сағат тілінің бағытына қарсы таймердегі көрсеткі **▲** ағымдағы уақытқа қатысты санмен теңескенше бұраңыз.
- Тістерді сыртқа қарай итеру арқылы құрылғыны іске қосқыңыз келген уақыттарды орнатыңыз. Әрбір тіс 30 минутқа сай.

ТАЙМЕР МЫНАДАЙ ЖҰМЫС ІСТЕУ


КЕЗЕҢДЕРІНЕ ОРНАТЫЛАДЫ:

10-ДАН 12-ҒА ДЕЙІН: ҚОСУЛЫ

12-ДАН 18-ҒА ДЕЙІН: OFF (ӨШІРУЛІ)

18-ДАН 20-ҒА ДЕЙІН: ҚОСУЛЫ

20-ДАН 10-ҒА ДЕЙІН: OFF (ӨШІРУЛІ)



Осылайша, радиатор әр күні осы орнатылған уақыттарда жұмыс істемейтін болады.



Ескеріңіз: Егер құрылғыны бағдарламалаусыз пайдаланғыңыз келсе, барлық тістерді сыртқа қарай итеріңіз.

БҰРАЛМАЛЫ НЕГІЗІ БАР ҮЛГІЛЕРДЕ БАР (ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) ПЕДАЛЬ ҚОСҚЫШЫ)

Көптеген үлгілерде бұралмалы негіз және ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) педаль қосқышы болады.

Бұл құрылғыны қалаған ауа ағынында оңға не солға қарай 30° бұрысқа қолдап бағыттауға болады. Құрылғыны іске қосыңыз, термостат дөңгелегін және функция таңдағышты (қажет болса, таймерді де) жоғарыда сипатталғандай орнатып, негізгі бөліктегі педальді басыңыз.

Құрылғыны ажырату үшін, педальді қайта баса салыңыз.

Маңызды: құрылғы тек педаль басылған кезде ғана іске қосылады.

МОТОРЛЫ БҰРАЛМАЛЫ НЕГІЗІ БАР ҮЛГІЛЕР

Кейбір үлгілерде моторлы бұралмалы негіз болады. Ауа ағынын кеңірек аймаққа тарату үшін, педальді басыңыз. Құрылғы оңнан солға қарай бұралады. Құрылғыны қалаған бағытта тоқтату үшін, педальді қайта баса салыңыз.

Моторлы негізі бар үлгілер құрылғы құлап кеткен жағдайда оны ажырататын құлаудан қорғау қосқышымен жабдықталған.

Құрылғыны қайта іске қосу үшін, оны қайтадан тұрғызып қоясыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

- Тазалау алдында әрқашан розеткадан суырып отырыңыз.
- Ауа кіру саңылауын және ауа шығу торларын тұрақты түрде тазалап отырыңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін ешқашан қырғыш өнімдерді немесе ерітінділерді пайдаланбаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат көзі Мөлдіметтер тақтасын көріңіз
Тұтынылатын қуат "

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі: "
Кернеу: "
Жиілік: "
Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Көдендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап көршілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ.

Сушэвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

ЕАС